

свои культурные особенности, но малочисленные крымчаки ассимилируются с другими народами и тем самым теряют свои этнические особенности среди других народов и культур. Молодежь не знает своего родного языка, а людей старшего поколения, знающих крымчакский язык, с каждым годом все меньше и это приводит к выводу, что крымчаки и их история, язык и этнография находятся на грани исчезновения.

#### Список использованных источников

1. Макаренко Г.И. Формирование этноса крымчаков как отражение исторически сложившегося полиэтничного пространства Крымского полуострова//Вестник Вятского государственного университета. Серия Исторические науки и археология. 2016. С. 41-45
2. Потехин Д.В. Крымчаки: история и современность//Общество: философия, история, культура. Выпуск №9. 2016. С. 100-103
3. Кизилев М. Крымчаки: современное состояние общины // Евроазиатский еврейский ежегодник. - 5768 (2007/2008). Паллада. 2008. С. 56-82.
4. Ачкинази И.В. Крымчаки. Симферополь, 2000. 190 с.
5. Тюркские народы: Энциклопедический справочник. Гл. ред. Б.Г. Аяган. - Алматы: ЗАО «Қазақ энциклопедиясы», 2004 — 384 с.
6. Национальный состав, вероисповедание и владение языками в Республике Казахстан. Итоги национальной переписи населения 2009 года в Республике Казахстан. Статистический сборник. Подред. А.Смаилова. Астана, 2010 - 297 с.
7. Tolts M. The Post-Soviet Jewish Population in Russia and the World // Jews in Russia and Eastern Europe. 2004. No. 1 (52). P. 52-58.

УДК 821.512.122

#### «ЯШ ТҮРКІСТАН» ЖУРНАЛЫНДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

**Қалжан Айшабиби Ермекқызы**

[aishabibi\\_kalzhan@mail.ru](mailto:aishabibi_kalzhan@mail.ru)

ЕҰҰ-дің Халықарлық қатынастар факультетінің 2 курс магистранты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А. Жалмырза

«Яш Түркістан» журналы Берлинде 1929 жылы Түркістан ұлттық бірлігі ұйымының кезекті мәжілісінің шешімі бойынша жарық көрді. Басылымның саяси мұратын, жолын һәм мақсатын келесі жолдардан байқаймыз: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін ту етушілер, еліміздің еркі және жұртымыз Түркістанның бостандығы үшін күресеміз. Түркістандықтарға мұнан басқа жол жоқ, бола алмас және болмасын». Журналдың негізгі мақсаты - патша үкіметінің әшкерлей отырып, түркістандықтар тәуелсіздігіне ие болу. Мұстафа Шоқай ғылыми - зерттеу жұмыстарынан бөлек, «Яш Түркістан» журналының редакциялық қызметімен айналасып, материал дайындайтын [1, 72 б.]. «Яш Түркістан» журналының ең бірінші саны 1929 жылы жарыққа шықты, соңғы 117 саны - 1939 жылы. «Яш Түркістан» журналының басылымында саяси мақалалардан бөлек пропагандалық әдебиеттер шығарылды. Мысалы, түрік және француз тілінде Түркістан картасы, дәрігер Тахир Шахирдің Түркістан мақта шаруасы (1934ж., Берлин), түркістан жазушылары мен ұлттық әдебиеттің трагедиясы (1935ж., Берлин). Журнал материалдарының терең мағыналы болуына, сан-салалы тақырыптарды қамтуына Мұстафаның білімдарлығы, бірнеше тілді жетік меңгергендігі көп көмектеседі. Оның мақалаларының публицистикалық уыттылығы нақтылығымен, бұлтартпас қисындылығымен, дәлелділігімен ұштасып жатады. Кеңес Одағы журналдары мен газеттерінде басылған ресми материалдарды пайымдау, жүйелеу арқылы большевиктік жүйеге адам құқығы, демократия мен ұлт бостандығы секілді адамзаттық құндылықтардың

жат екендігі жөнінде қорытындылар жасап, әлем жұртшылығына түрік халықтарының тәуелсіздік үшін күресінің заңдылығын, әділеттілігін ұғындырады [2, 46 б.].

«Яш Түркістан» журналын шығаруда Мұстафа Шоқайға редакциялық қызметіне Берлинде оқитын студенттер ат салысты. Мария Шоқайдың жазған хаттарынан Мұстафа Шоқайға ең жақын болған Тахир Шағатай, дәрігер Оқтай және оның жұбайы болғанын байқаймыз. Сол қиын замандарда Мұстафа Шоқайға сенімді серіктері бола білді [3, 39 б.]. «Яш Түркістан» журналының Иран, Ауғанстан, Қытай, Жапония, Сирияда өз оқырмандарының болуы халықаралық баспа болғанын байқаймыз. «Яш Түркістан» журналында Мұстафа Шоқай Түркістан уалаятында болып жатқан ішкі политикалық және саяси ахуалдарға, деректемелерге сүйене отырып анализ жасады. Барлық 117 санында «Яш Түркістан» журналында Түркістанда болып жатқан көптеген мәселелерді қозғайды: «Большевиктердің Түркістандағы ұлттық саясатының идеялық және практикалық қырлары», «Кеңестердің Түркістандағы аштық саясаты», «Түркістанға аштық төніп келеді», «Ұлттық мәселе жөнінде», «Тұран мемлекеті жайында» және басқа да тақырыптарға арналған мақалалар жазады. Мұстафа Шоқай юрист, политик, журналист мамандықтарын жетік меңгере отырып, большевиктардың Түркістандағы іс - әрекеттерін әшкерелеп, соңын болжап отырған. Экономика аймағындағы министр Кривошеиннің мақта ісі Мұстафа Шоқан топшылағандай, 30 жылдары ашаршылыққа әкеліп соқты. «Яш Түркістан» журналында көптеген мәселелер көтерілді, соның бірі - жер мәселесі. Қай заманда да жер дауы бірінші орында болған, себебі қазақтың экономикалық жағдайы жермен шұғыл байланысты. Бізге жеткен еңбектерден, сонау ғұн дәуірі Аттилаға елшінің келіп жер сұрауы патшаның ашуын тудыртып, майданға аттанғанын білеміз. Жер мәселесі совет үкіметі заманында да қиын мәселелердің бірі болды. Жер мәселесі туралы Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы өз мақаласында қазаққа ең қажетті жер екенін, жер деген ұғымды оңай түсінбей, терең ойлап, тексере қарайтын іс деп айтады. Бұл қазақтың тірі я өлі болу мәселесі деп айтты [4, 68 б.].

Екінші Екатерина өтінішінен Алман үкіметінен өнеге болу үшін Россияның түрлі жеріне 10 мыңдаған диқандар келді. Салынған астық салық түрі шаруашылықты тығырыққа тіреді. Диқандарды коллективке айдап кіргізу, екі диқандар қолындағы мал - мүлікті тартып алу мақсатымен ауыр салықтар салынды. Осы себептен Россияның алман диқандары жаппай көше бастады, бұл арада москва төңірегінде жиналған алман диқандарын тағдырдың үкімі деп вагонға зорлап отырғызып, сібірге айдай бастады. Қызыл орыстардың диқандарға қарсы жүргізіп отырған саясаты ішкі россияда ғана емес, Түркістанда да жүргізілді. Патшалық заманында шаруашалық билігі диқандар қолында еді, билік қызыл орыстардың қолына көшті. Рухы, тіршілігі бөлек орыс мұжықтарын айдап, Түркістандағы шұрайлы жерлерге орналастыра бастады. Көптеген қазақ диқандарының көз - жасы төгіліп, қаны төгілді. Зұлымдық астында қалса да, түркістандықтардың басты мақсаты - қымбатты жерін орыс аяғынан құтқару, өз жеріне өздері ие болу. Ресей тұрғындарының көптігінің салдарынан, қазақ жерінде пайдаланылмай жатқан артық жерлер бар деп, жаппай қоныс аударды. Ең нашар жерлер қазақтарға беріліп, осының салдарынан халықтың тұрмыс халіне әсер етті. Мұны большевиктер Совет одағының халық қожалық мәдениетін күшейту деп түсіндірді. Олардың құқықтары байырдан тұрып жатқан қазақтардан басымырақ, сөздері өтімдірек болды. Смағұл Сәдуақасұлы бас болып, кеңестік россияның бұл эмиграция саясатына қарсы болды. Еңбекші қазақ газетінде бір жазбасында орыстарға әр апта машина дайындалатыны, қызмет аспабы берілетіндігі туралы жазылды. Тіпті кооперативте қызмет жасайтын орыстар қазақтар мен орыстарға екі түрлі іс - әрекет жасайтын. Орыс диқан эмигранттары өлкенің ең шұрайлы жерлеріне, көпшілігі Қостанай Ақмола округтері мен Семей, Жетісу аймақтарына орналыстырылды. «Яш Түркістан» ның барлық санында совет ұлттық саясатының көрінісі туралы жазады. Журналдың 18 санында жер дауы тек қазақ даласында емес, өзбекстан мен тәжікстан арасында осы мәселеге байланысты дауы туралы жазылған. Ходжент аймағы Өзбекстаннан ажыратылып, Тәжікстанға қосылған болатын. Екеуінің арасындағы мәселені шешу үшін Петерис төрағалығымен комиссия құрылды. Комиссия қарары бойынша Сурхандрия Тәжікстанға беріліп, Самарқанд пен Бұхара Өзбекстанға

қалдырылды. Москва үшін түркістандықтар арасында түсініспеушіліктердің көп болуы тиімді еді. Шұрайлы жерлер алынып қана қоймай, ендігі жерде жер асты байлықтары көз тіге бастады. Түркістан жерінің түрлі элементтерге бай өлке болғандықтан, жер асты байлықтарына ғылыми барлау жасалды. Орыс ғалымдары, одан қалса еуропа ғалымдарының қызығушылықтары оянды. Жинақталған мәліметтер бойынша, Түркістан уалаятында сынап, бақыр, күміс, қорғасын, күкірт, ашутас, мұнай бар екендігін көрсетті. Түркістанда бірнеше кендер болды, өкініштісі осы қазынаның тұрандықтардың игілігіне емес, россия пайдасы үшін жер астынан қазылып, бей - берекет қолданылды. Жер мәселесі туралы «Яш Түркістан» журналында сөз қозғай отырып, қоғамдық пікір туғызу арқылы қоғамдық санаға әсер ету болатын.

«Яш Түркістан» журналы уақыт өте келе бүкіл Түркістанның жоғын жоқтайтын жалғыз ұлттық басылымға айналды. Олай дейтініміз қиын - қыстау кезеңдерде «Яш Түркістан» журналы Түркістанның тәуелсіздігі туралы сөз қозғай білді. «Яш Түркістанның» барлығы 117 нөмірі жарық көрді, ол – жастарымызды ұлттық рухта тәрбиелеуде баға жетпес қазына. Журнал 1939 жылы қыркүйек айында Германияның Польшаны жаулап алуына және II дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты өз жұмысын тоқтатады. Басылым, шын мәнінде, ұлттық қозғалыстың жаршысына айналып, қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік халықтарының болашағы үшін ғаламат жұмыс істеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Д. Қыдырәлі Мұстафа. - Астана: Деловой Мир Астана, 2012. - 276 б.
2. Көшім Есмағамбетов «Яш Түркістан» журналы тәуелсіздік жаршысы//«Ана тілі» ұлт газеті. - Нұр -Сұлтан, 2009.
3. Бахыт Исаиновна Мустафа Чокай в эмиграции. - Алматы: Мектеп, 2011. - 247 с.
4. Сақ Қайрат Алаш көсемсөзі: жер мәселесі. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. - 395 б.

УДК398.215

#### **ЖАУГЕРШІЛІК ЗАМАНДАҒЫ КИІМ-КЕШЕККЕ ҚАТЫСТЫ ЛЕКСИКА**

**Калиева Шолпан Есенжолқызы**

[sholpan\\_kaliyeva@mail.ru](mailto:sholpan_kaliyeva@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Түркітану мамандығының магистранты

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Ескеева М.

Ерте және орта ғасырлардағы көшпелілердің өмірінде әскери өнер өте маңызды орын алған. Өз еркіндігін жоғары бағалаған көшпелі халықтар теңдесіз әскери жүйені құрушылар болды. Соның нәтижесінде, ұзақ жылдар бойы Ұлы даланың шекарасынан тыс жерлерде де қарсыластарынан әскери-саяси тұрғыда үстем болды, ұлан-ғайыр аумақты қамтитын қасиетті жер-судың тұтастығын қамтамасыз ете алды. Көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыздың өміріндегі әскери өнер халқымыздың заттық және рухани мәдениетінде де көрініс тапты.

Алайда түркі тілдерінің көбінде әскери лексика қолданыстан шығып, көнерген сөздердің қатарына енуде. Сан ғасырлар бойы түркілер әскери терминдерді өз сөздік қорынан алып отырған. Бұйрықтар мен белгілер де өз тілінде беріліп отырған, тек ортақ әскер пайда болып, мемлекеттер Кеңес Одағының құрамына кіргеннен бастап әскери қарым-қатынас тілі орыс тілі болды.

Әскери лексиканы зерттеудің актуалдылығы оны құрайтын сөздердің пассивті қолданысқа айналып, халықтың сол сөздерге қатысты танымымен қатар ұмытылып, олардың